# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 12 маусым № 4712-23-00-2/1337 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.М.Джумаева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№9 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Дара кәсіпкер «Рауда» атынан әрекет етуші Сексенбаев Мейрхан Маербекович

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбының соммасын өндіру туралы

**<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>**

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№9 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер «Рауда» атынан әрекет етуші Сексенбаев Мейрхан Маербековичке келтірген мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Рауда» атынан әрекет етуші Сексенбаев Мейрхан Маербекович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Рауда» атынан әрекет етуші Сексенбаев Мейрхан Маербековичтен мемлекет пайдасына 5 250 (бес мың екі жүз елу) теңге тұрақсыздық айыппұл сомасын және 1 883 (бір мың сегіз жүз сексен үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

**Судья** **М.М.Джумаева**

Документ подписан: Джумаева М. М., 12.06.2023

Дата вступления в законную силу: 20.07.2023, судья Джумаева М. М., 13.10.2023

4712-23-3-1/1392